

ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – ТІРЕГІМ!

*Бабадан қалып жеткен көрегендік,
Еркіндік жастығында өлең өрдік.
Арқалап аманатын келіп жеткен,
25 жыл – құтты болсын егемендік!*



Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның апыса, азаматтық намысың болса, көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!» деген сөздері қазағымыздың өр мінезділігі мен намысшылдығы, салқынқанды сабырлылығымен ұштаса түсері анық. Еліміз аңсап жеткен тәуелсіздігімізге бүгінде бойында қаны тасыған, жүрегі мен кеудесі халқым, елім деп соғатын қақпа жауырынды, алпамсадай құшағына бүкіл ұлт өкілдерін сыйғыза алатын, дархан көңіл, ер жүректі жас жігіт төрізді 25 жыл толыпты.

Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылы дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы осының барлығы дархан қазағымының, Қазақстан жұртының жүрегіне өшпес із қалдырып, таңба салды. Бұл – тарих. Оны ұрпақ жадына сіңіру, ұлағаттау – парыз. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы сөз бар емес пе?

Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді

шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді. Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәтте ата-бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшпырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде жүрекке мұң мен қуаныш араласып, көзге жас үйірілді. Егемен еліміздің арқасында бауырларымыз, қандастарымыз өз Отанына оралды. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, әрбір азаматымыздың аяқтарынан тұрып кетуіне бар күш салынуда. Орнында бар оңалар демекші, бүгінде осы азаматтарымыз, елі үшін еңбек етіп, Отанымызға үлесін қосып жүр.

Иә, ата-бабамыз сан ғасырлар армандаған Тәуелсіздігіміз, бүгінде күн болып көгімізде төгіліп тұр. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мыңжылдық тірегі, күші, алтын дінге, халықтың бақ жұлдызы. Сондықтан бүгінде, тәуелсіз ел болған уақытта туылған жастарымыз «Тәуелсіздік» деген сөздің қадір-қасиетін біліп өссе екен дейміз.

**Л.Б. УМБЕТЬЯРОВА,
М.Т. АДІЛОВА,**

*эпидемиология және гигиена кафедрасының
оқытушылары*

**в Центральной Азии и цифровая гуманитаристика»
том иностранных языков Ханкук**